

РАЗВИТИЕ СЕРВИСНОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ ДЛЯ ЭЛЕКТРОВЗОВОВ ИМЕЕТ КЛЮЧЕВОЕ ЗНАЧЕНИЕ ДЛЯ ТРАНСПОРТНЫХ АМБИЦИЙ И ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА, ПОСКОЛЬКУ ПОМИМО ОЧЕВИДНОГО СОКРАЩЕНИЯ ВЫБРОСОВ CO2 ЭКСПЛУАТАЦИОННЫЕ РАСХОДЫ ЭЛЕКТРОВЗОВОВ ЗНАЧИТЕЛЬНО НИЖЕ ПО СРАВНЕНИЮ С ДИЗЕЛЬНЫМИ ЛОКОМОТИВАМИ.



Жером БОЙЕ,  
управляющий директор Alstom в Западной и Центральной Азии



№46 (3193)  
16/06/2026

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ  
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

## ТАРИХ ПЕН ТАҒЫЛЫМ ОРДАСЫ



«Нұрлы жол» вокзал кешенінде Қазақстан темір жолының «Жібек жолынан бастап болат магистральдарға дейін» ғасырлық тарихынан сыр шертетін мұражай ашылды. Рәсімге «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылығынан бөлек Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек қатысты.

Райхан РАХМЕТОВА,  
Астана

Жалпы ауданы 3200 шаршы метр мұражай «Турксіб және Мұхамеджан Тынышбаев», «Локомотивтердің эволюциясы», «Кәсіптер мен инновациялар», «Қазақстан темір жолдарының

тарихы» төрт тақырыптық залдарын қамтиды. Экспозиция тарихи материалдар мен заманауи цифрлық технологияларды, интерактивті панельдерді, мультимедиялық экрандарды, AR және VR шешімдерін қоса алғанда, сондай-ақ симуляторларды біріктіреді.

Мұражайда түпнұсқа локомотивтер мен

жылжымалы құрам үлгілері, соның ішінде CR200J жаңа буындағы жолаушылар вагоны бар. Келушілер оның интерьерімен және заманауи техникалық шешімдерімен таныса алады. Негізгі экспонаттар қатарында еліміздің темір жолын дамытуда маңызды рөл атқарған ЧМЭЗ және 2ТЭМ10 сериялы маневрлік тепловоздар, ВЛ80 сериялы жүк электровозы және ТЭП70 жолаушылар тепловозы бар. Келушілер олардың құрылғысымен танысып, жеке локомотивтердің кабиналарына көтеріле алады.

Сонымен қатар жәдігерлер қорын теміржол шамдары, сигнал беру элементтері, рельстік инфрақұрылым заттары, жұмыс құралдары, мұрағат материалдары, әр жылдардағы техникалық құрылғылар және ведомстволық наградаларды қамтыған 250 астам экспонат толықтырады.



Мұражай көлік, инженерия, өнеркәсіп және заманауи технологияларға арналған уақытша көрмелерді өткізуге арналған алаң болады деп күтілуде. Оның аумағында мәдени және білім беру іс-шараларын өткізуге арналған вагон-мейрамхана мен «Нұрлы жол» вокзалының пойыздар кестесін көрсететін ақпараттық таблосы бар кофехана да орналасқан.

Суреттерді түсірген Абзал ҚАЛИЕВ, Александр ЖАБЧУК  
Тақырыптың жалғасы 4-бетте

## НОВЫЙ ЭТАП ПРОЕКТА В ПОРТУ КУРЫК



В порту Курык успешно проведена операция по приему партии подводного волоконно-оптического кабеля в рамках стратегического проекта «Азербайджано-Казахстанская Морская Кабельная Система» (Azerbaijan-Kazakhstan Sea Cable System).

Крупногабаритный и тяжеловесный груз был доставлен автоколонной из трех специализированных транспортных средств. В порту выполнены работы по приему и обработке оборудования, которое в дальнейшем будет отправлено в Азербайджанскую Республику для строительства транскаспийской цифровой инфраструктуры.

Реализация проекта направлена на развитие международных телекоммуникационных коридоров, укрепление цифровой связи между Азией и Европой, а также повышение надежности и пропускной способности каналов передачи данных на евразийском пространстве.

Порт Курык продолжает играть важную роль в обеспечении транспортно-логистической поддержки крупных международных инфраструктурных проектов, способствуя развитию Транскаспийского международного транспортного маршрута и укреплению позиций Казахстана как ключевого транзитного узла между Востоком и Западом.

Асель ШАЙХЫНОВА

## Назардағы нысан

### КЕЛБЕТІ КЕЛІСКЕН ВОКЗАЛДАР КӨЗ ТАРТАДЫ

Шығыстағы Семей теміржолының Ауыл және Белағаш станцияларындағы вокзалдар қайта жаңғыртылып, күні кеше пайдалануға берілді. Келбеті келіскен вокзалдар алыстан көз тартады.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,  
Семей

Ауқымды жоба аясында жаңартылып, қайта түлеген қос вокзалдың ашылу рәсіміне Келік вице-министрі Жәнібек Тайжанов пен «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарушы директоры Марат Есқалиев, облыс әкімі Берік Уәли және Семей магистральдық желі бөлімшесі басшысының вокзал шаруашылығы бойынша орынбасары Нұрлан Әзімханов қатысты.

Ауыл станциясындағы теміржол вокзалы 1929 жылы салынған. Жалпы, Ауыл – аймақтың көлік жүйесінде маңызды орын алатын, мол көлемде астық тиелетін станция. Жолаушы пойыздары да аз емес, халықаралық бағыттағы «Новосібір-Алматы» пойызы қатынайды.

Келік вице-министрі Жәнібек Тайжанов өз сөзінде республика бойынша 124 вокзалдың жаңғыртылып жатқанын, соның ішінде екі нысан алғаш болып Абай облысында пайдалануға беріліп отырғанын атап өтті.

– Мемлекет басшысының тапсырмасымен елімізде 2025 жылдан бері теміржол вокзалдарын жаңғырту бағдарламасы

жүзеге асырылуда. Ауқымды жоба еліміздің көлік инфрақұрылымын кешенді жаңартуға, жолаушыларға қызмет көрсету сапасын арттыруға және саяхат үшін заманауи,



жайлы әрі қауіпсіз жағдайлар жасауға бағытталған, – деді ол.

Мәртебелі меймандар ғимарат ішін аралап көрді. Реконструкция барысында ескірген шатыр толық ауыстырылып, заманауи түрдегі ішкі және сыртқы әрлеу жұмыстары жүргізілген. Су, көріз, жылу, электрмен жабдықтау, желдету және кондиционер жүйелері жаңарған. Перрондар қайта жөнделіп, іргелес аумақтар абаттандырылған. Басты ерекшелік – мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы жағдай жасауға көңіл бөлінген. Ғимаратта



санитарлық тораптар, ана мен бала бөлмелері, пандустар мен тактильді бағыттаушы элементтер де қарастырылған.

Осыдан кейін Белағаш теміржол вокзалының ашылу рәсіміне қатысқан қонақтар мұнда да жергілікті тұрғындар қуанышымен бөлісті.

– Жоба Мемлекет басшысы мен ел Үкіметінің көлік инфрақұрылымын жаңғырту жөніндегі тапсырмасы аясында жүзеге асып отыр. Көлік транзитінде маңызды орын алатын, 1926 жылдары салынған Белағаш вокзалын жаңғырту барысында да қазақстандық құрылыс материалдары пайдаланылды. Заманауи саулеттік келбетке ие болған ғимараттың қасбеті мен шатыры жаңарып, әрлеу жұмысы жүргізілді. Инженерлік желілер толық жаңғыртылды.

Ішкі үй-жайлар заманауи жанбайтын материалдарды пайдалана отырып орындалған, – деді өз сөзінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарушы директоры Марат Есқалиев.

Жалпы, қайта есік ашып отырған вокзалдар қазақстандық өндірістің желдету жүйелерімен, өрт дабылымен, ауа баптағыштармен және жаңа жиһаздармен жабдықталыпты. Жоба аясында жолаушылар платформалары да жаңартылып, вокзал аумақтары абаттандырылды.

Бүгінде Абай облысында тағы 8 вокзалда жаңғырту жұмыстары жалғасуда. Олар: Семей, Аягөз, Шар, Ақтоғай, Жалаңашкөл, Дегелең, Үшбік және Жарма станцияларының вокзалдары. Жаңарып-жаңғырған барлық вокзалдар жолаушыларға сапалы қызмет көрсетіп, ел игілігіне айналатын күн алыс емес.

Суреттерді түсірген Александр ЖАБЧУК



Аманжол ЖЫЛҚЫШИЕВ,  
Атырау магистральдық желі бөлімшесі директорының бірінші орынбасары:

ҚҰЛСАРЫ ЖОЛ ДИСТАНЦИЯСЫНА ҚАРАСТЫ ҚҰЛСАРЫ – БЕЙНЕУ УЧАСКЕСİNДЕ, РЗД. МАЙКӨМГЕН – РЗД467 – РЗД468 АРАЛЫҒЫНДА ЖОЛДЫ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛІП, ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА НЕГІЗГІ ТӨСЕМДЕР ТӨСЕЛДІ. КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ БАРЫСЫНДА ЖОЛДАҒЫ ЕСКІ ЖОЛ ТҮГЕЛ АЛЫНЫП, ОРНЫНА СУ ЖАҢА ТЕМІРБЕТОНДЫ ШПАЛДАР, БАРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР САҚТАЛЫП, САЛЫНЫП ЖАТЫР. БҮРЫНҒЫ РЕЛЬСТЕРДІҢ ҰЗЫНДЫҒЫ 25 МЕТРЛІК БОЛЫП БУНАҚТАЛЫП САЛЫНАТЫН БОЛСА, ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА ТҮЙІСПЕСІЗ ЖОЛДАР ТӨСЕЛУДЕ

## ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

В МАЕ 2026 ГОДА НА СЕТЬ АО «НК «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ПОСТУПИЛО

14

НОВЫХ ЛОКОМОТИВОВ.

АО «КЕДЕНТРАНССЕРВИС» ОБЕСПЕЧИЛО ЭКСПОРТ СВЫШЕ

3 млн тонн

ПРОДУКЦИИ АПК В КИТАЙ.


НАЦПЕРЕВОЗЧИК ПЛАНИРУЕТ ПЕРЕВЕЗТИ БОЛЕЕ

144 тыс.

ПАССАЖИРОВ В НАПРАВЛЕНИИ КУРОРТ-БОРОВОЕ ЭТИМ ЛЕТОМ.

## К ЕДИНОМУ ТАМОЖЕННОМУ ТРАНЗИТУ

Применение навигационных пломб при грузовых перевозках по территории ЕАЭС обсудили на совещании Евразийской экономической комиссии.



Любовь РОВБА,  
Астана

В преддверии вступления в силу соглашения о единой системе таможенного транзита ЕАЭС и третьих сторон состоялось заседание группы высокого уровня под председательством министра по таможенному сотрудничеству ЕЭК Сергея Шляева. Отметим, 10 июня Президент РК Касым-Жомарт Токаев подписал закон о

ратификации соглашения. Ранее документ ратифицирован Арменией, Беларусью, Кыргызстаном и Российской Федерацией. Участниками совещания ЕЭК стали представители государственных органов и национальных операторов отслеживания стран ЕАЭС. Они рассмотрели случаи, когда таможенный транзит товаров допускается без использования навигационных пломб, с учетом сложившейся в странах практики. По мнению экспертов, исключения необхо-

димы для грузов, чья перевозка объективно не требует подобного контроля, а риски нарушения минимальны: живых животных, международных почтовых отправлений и товаров для личного пользования.

Напомним, навигационная пломба сочетает в себе функции запорного устройства (электронного замка) и трекера, позволяя отслеживать движение товаров в реальном времени. Отслеживание перевозок товаров с их помощью стартовало на всей

территории ЕАЭС 11 февраля 2026 года. Кроме того, на заседании обсудили требования к самим устройствам, включая переход на навигационные пломбы, произведенные в странах ЕАЭС.

В Казахстане отслеживание перевозок осуществляется посредством информационной системы «Транзит». С момента запуска системы национальным оператором РК – ТОО «Институт космической техники и технологий» – суммарно было оказано более 15 000 услуг более чем 3 500 отечественным и иностранным компаниям-перевозчикам. Ежедневно сотрудниками института обрабатываются сотни перевозок в различных направлениях на более чем 40 пунктах пропуска и складах временного хранения по всей территории Казахстана, что является ключевыми результатами первых месяцев функционирования системы.

Ислам ТАЛГАТ

## Р50 РЕЛЬС ТҮРІ ИГЕРІЛДІ

Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе



Ақтөбе рельс-арқалық зауыты өнім түрін кеңейтті. Кәсіпорын Р50 санатындағы рельстерді өндіруді игеріп, сериялық өндіріске шығарды.

Өндірісі жолға қойылған ДТ350 және НТ260 санатындағы Р50 рельстері кәсіпорынның бір мезетте екі мемлекетаралық нормативтік құжаттың талаптарына сай келуіне мүмкіндік беріп, зауыттың экспорттық әлеуетін арттырады. Сәйкесінше, әртүрлі елдердегі тапсырыс берушілер үшін сенімді серіктес ретіндегі мәртебесін күшейтеді.

Р50 рельстері өнеркәсіптік кәсіпорындардың кірме жолдарында, карьерлер мен шахталарда, бағыттама-лы бұрмаларда, станциялық және қосалқы жолдарда кеңінен қолданылады. Сонымен қатар олар арнайы науалы профильді қажет етпейтін трамвай желлерінің учаскелерінде де сұранысқа ие.

Жаңа өнім түрін игеру – кәсіпорынның өндіріс ауқымын кеңейтуге және Қазақстан мен ТМД елдері нарықтарындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған жүйелі жұмысының нәтижесі. Ақтөбе рельс-арқалық зауыты өндірісті әртараптандыру бағытын жалғастырып, теміржол саласының заманауи талаптарына сай жаңа өнімдерді кезең-кезеңімен игеруді жалғастыруда.

## БУРАБАЙҒА БАРАДЫ

Ұлан ОРАЗ, Ақмола облысы



Жазғы демалыс маусымында ұлттық тасымалдаушы Бурабай курорты бағыты бойынша 144 мыңнан астам жолаушыны тасымалдауды жоспарлап отыр.

Табиғаты көркем өңір жыл сайын ішкі туризмнің ең сұранысқа ие бағыттарының бірі ретінде танылған. Жолаушылардың қатынасын қамтамасыз ету мақсатында Бурабай курорты станциясына түрлі санаттағы 10 жолаушылар пойызы аялдайды. Олар курорттық аймақты еліміздің ірі қалаларымен және өңірлерімен байланыстырады. Олардың қатарында: №47/48 «Нұрлы жол – Атырау», №83/84 «Қарағанды – Мәскеу», №105/106 «Алматы – Петропавл» (Talgo); №113/114 «Алматы – Қазан»; №139/140 «Павлодар – Пресногорьковская», №145/146 «Нұрлы жол – Омбы»; №323/627 «Нұрлы жол – Петропавл/Қызылту»; №887/888 «Нұрлы жол – Бурабай курорты»; №6829/6830 «Сороковая – Көкшетау»; №7507/7508 «Нұрлы жол – Көкшетау» пойыздары қатынайды.

## ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІН БҰЗУ ДЕРЕГІ АЗАЙҒАН



РЕВИЗИЯ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда

Бас ревизор ұсынған мәліметтерге сүйенсек, өткен жылғы 5 айдың қорытындысы бойынша барлығы 34 қозғалыс қауіпсіздігін бұзу жағдайы орын алса, биыл бұл көрсеткіш 18 жағдайға дейін төмендеп, 16 жағдайға азайған. Өткен жылы жылжымалы құрамның рельстен шығуының 2 оқиғасы тіркелсе, биыл ондай келенсіз жағдай орын алмады. Өткен жылы 32 оқиға есепке алынса, биыл ол да 18 жағдайға төмендеген. Бұл көрсеткіштер – қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету, техникалық жұмыстарды күшейту және алдын алу шараларының нәтижелі жүргізілуінің айғағы.

Локомотив шаруашылығы бойынша да қозғалыс қауіпсіздігінің жағдайы айтарлықтай жақсарған. 2025 жылы тепловоздардың жоспардан тыс бұзылуы 24 жағдайды құраса, 2026 жылы ол көрсеткіш 14 жағдай болған.

Жол шаруашылығы бойынша қозғалыс қауіпсіздігі ревизоры Ә.Жүсіпбековтің мәліметіне сүйенсек, өткен жылдың бес айында 20 мал басу оқиғасы орын алса, биылғы бес ай ішінде бөлімше бойынша 10 жағдай тіркелген. Алайда тек мамыр айында мал басу оқиғасы 4 жағдайдан 6 жағдайға өсіп отыр.

– Үстіміздегі жылдың бес айында осындай жағдайлардың алдын алу үшін локомотив машинистері 29 рет жедел тешегіш қолданып отыр. Бұл былтырғы жағдайлармен



салыстырғанда 35 жағдайға азайған, былтырғы бес айда 64 жағдай болған. Малға қарсы қоршауларды жаңарту жұмыстары 50 шақырымға жоспарланып, 21 шақырымда қайта құрылып, жанданды. Осындай жұмыстар тек теміржолшылар тарапынан ғана емес, жергілікті қадағалау органдары, яғни теміржол полициясы, көлік прокуратурасы, жергілікті әкімдершілік пен ауыл ақсақалдарымен де қоян-қолтық жұмыс атқарылууда, – дейді Аймақтық қозғалыс қауіпсіздігі ревизорлары аппаратының бастығы Алмат Молдашев.

Әрине пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты түрлі іс-шаралар тұрақты жасалуда. Жол бойындағы қараусыз малға байланысты жергілікті тұрғындармен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, атқарушы билік органдарына қатынас хаттары жолданып, мал шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлерге темір жолдың аса қауіпті

аймақ екендігі түсіндірілуде.

2026 жылдың 5 айында Қызылорда аймақтық қозғалыс қауіпсіздігі бойынша ревизорлары барлығы 317 тексеру жүргізген, оның ішінде: кенеттен – 72 рет, жоспарлы және мақсатты түрде – 206 рет, түнгі уақытта 39 рет тексеру болған.

– Тексеру барысында барлығы 2 434 бұзушылық анықталып, 208 тыйым салу шарасы қабылданды. Оның ішінде: пайдаланудан 19 локомотив уақытша шығарылды, жөндеуден 2 локомотив уақытша шеттетілді, пайдаланудан 54 жүк вагоны шығарылды, 7 жолаушылар вагоны құрамнан ажыратылды, 9 КМО күші жойылды, 25 бағыттама бұрмасын пайдалануға шек қойылып, 7 станциялық жол жабылды, пойыздар қозғалысына 33 жылдамдық шектеуі енгізілді, 5 арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрам (ССПС) пайдаланудан уақытша шығарылып, 5 секция орталықтан-дыру жүйесінен ажыратылды, 23 құрылғы пайдаланудан шеттетіліп, технологиялық процесс кестесін орындаудың 19 жағдайы тоқтатылды, – дейді аппарат бастығы Алмат.

Көріп отырғанымыздай, жүргізілген тексерулер, қабылданған тыйым салу шаралары, сондай-ақ түсіндіру және профилактикалық жұмыстардың нәтижесінде қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету деңгейі арттырылып, қызметкерлердің жеке жауапкершілігі күшейтілуде. Қабылданған шаралардың тиімділігі нәтижесінде Қызылорда жол бөлімшесінде қозғалыс қауіпсіздігін бұзу дерегі айтарлықтай азайған.

Суретті түсірген автор

## ТҮСІНІК БЕРІЛДІ

1 шілдеден бастап Қазақстан жаңа конституциялық кезеңге қадам баспақ. Бұған дейінгі Қазақстан Республикасының Конституциясы өз күшін жойып, оның орнына түбегейлі жаңартылған Ата Заң қолданысқа енгізіледі.

Қосыйым МҰҚАШЕВ, Атырау

Соған орай жуырда Атырау магистральдық желі бөлімшесінің директоры Аралбай Қосымбаев бөлімшеге қарасты мекеме басшыларының қатысуымен

маңызды жиын өткізді. Жиын барысында Ата Заңның қоғамдағы орны мен маңызы кеңінен талқыланып, заң үстемдігін сақтау мен азаматтық жауапкершілікті арттыру мәселелері қозғалды.

– Жаңартылған Ата Заң мемлекеттік басқару жүйесін қайта

құрып қана қоймай, билік тармақтарының арақатынасын жаңа деңгейде айқындауды көздейді. Сарапшылар жаңа Конституцияны тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең ауқымды саяси реформалардың бірі деп бағалап отыр. Құжатта билік институттары ғана емес, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қатысты нормалар да қайта қаралған. Жаңа Конституцияға сәйкес елдегі дәстүрлі қос палаталы Парламент жүйесі жойылады. Оның орнына бір палаталы жаңа заң шығарушы орган – Құрылтай құрылады. Екіншіден, Жаңа жүйеде алғаш

рет вице-президент лауазымы пайда болады.

Бұл қызмет бұрынғы мемлекеттік кеңесші институтының орнын басады. Үшіншіден, Конституциялық мәртебеге ие жаңа орган – Қазақстан Халық кеңесі құрылады. Бұл орган азаматтық қоғам мен мемлекеттік билік арасындағы диалогты күшейтуге бағытталған консультативтік алаң ретінде бағаланауда, – деген бөлімше басшысы Ата Заңға енгізілген барлық жаңашылдықтар туралы әңгімелеп, жиын барысында оның негізгі аспектілері талқыланып, маңызы түсіндірілді.

«Қазтеміртранс» АҚ сату жөніндегі Комиссия отырысының 2026 жылдың 12 маусымдағы №7 хаттамасына 3 қосымша

## САУДА ЖАЙЛЫ ЕСКЕРТПЕ

«Қазтеміртранс» акционерлік қоғамы 2026 жылғы 14 шілдеде сағат 11:00-ден бастап өтетін «Қазтеміртранс» акционерлік қоғамының мүлкін сату бағасын төмендету бойынша сату Аукцион түрінде электронды сауда өткізетіндігін хабарлайды, (Астана уақыты бойынша) [www.e-qazuna.kz](http://www.e-qazuna.kz) мемлекеттік мүлікті тіркеу веб-порталында өтеді.

Активтерді сату «Қазтеміртранс» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2017 жылдың 20 қазанындағы №18 хаттама) «Қазтеміртранс» акционерлік қоғамының мүлгін сату жөніндегі ережелеріне және «Ақпараттық-есептік орталық» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2014 жылдың 23 мамырындағы №66 хаттама) Мемлекеттік мүлік тіркелімінің веб-порталында мүлікті сатуды өткізу туралы регламентке (ары қарай – Регламент) сәйкес өтеді.

Төмендегідей активтерге аукцион жарияланады:

2 Лот - 106.01.000-ОСБ ГОСТ 22703-91, 2024-80% автоматты қосқыш жинағы 6 дана, 106.01.000-ОСБ ГОСТ 22703-91, 2024-80% автоматты қосқыш жинағы 6 дана, 106.01.000-ОСБ ГОСТ 22703-91, 2024-80% автоматты қосқыш жинағы 3 дана, 106.01.000-ОСБ ГОСТ 22703-91, 2024-80% автоматты қосқыш жинағы 63 дана, басты бағасы 25 843 560 теңге, ҚҚС-пен, ең төменгі баға 8 614 520 теңге, кепілдік жарна 1 292 178 теңге, орналасқан жері: Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Красноармейка станциясы;

3 Лот - 106.01.000-ОСБ ГОСТ 22703-91, 2024-20% автоматты қосқыш жинағы 13 дана, 106.01.000-ОСБ ГОСТ 22703-91, 2024-40% автоматты қосқыш жинағы 54 дана, басты бағасы 7 474 701 теңге, ҚҚС-пен, ең төменгі баға 2 491 567 теңге, кепілдік жарна 373 736 теңге, орналасқан жері: Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Красноармейка станциясы;

4 Лот - 106.01.000-ОСБ ГОСТ 22703-91, 2024-60% автоматты қосқыш жинағы 217 дана, басты бағасы 47 348 532 теңге, ҚҚС-пен, ең төменгі баға 15 782 844 теңге, кепілдік жарна 2 367 427 теңге, орналасқан жері: Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Красноармейка станциясы;

5 Лот - Қысым үстіндегі арқалық, 2024 р 32 дана, басты бағасы 24 521 112 теңге, ҚҚС-пен, ең төменгі баға 8 173 704 теңге, кепілдік жарна 1 226 056 теңге, орналасқан жері: Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Красноармейка станциясы;

6 Лот - Қысым үстіндегі арқалық, 2024 р 65 дана, басты бағасы 49 808 508 теңге, ҚҚС-пен, ең төменгі баға 16 602 836 теңге, кепілдік жарна 2 490 426 теңге, орналасқан жері: Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Красноармейка станциясы;

7 Лот - Қысым үстіндегі арқалық, 2024 р 80 дана,

басты бағасы 61 302 780 теңге, ҚҚС-пен, ең төменгі баға 20 434 260 теңге, кепілдік жарна 3 065 139 теңге, орналасқан жері: Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Красноармейка станциясы;

8 Лот - Қысым үстіндегі арқалық, 2024 р 148 дана, басты бағасы 113 410 143 теңге, ҚҚС-пен, ең төменгі баға 37 803 381 теңге, кепілдік жарна 5 670 508 теңге, орналасқан жері: Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Красноармейка станциясы;

9 Лот - Қысым үстіндегі арқалық, 2024 р 105 дана, басты бағасы 80 459 901 теңге, ҚҚС-пен, ең төменгі баға 26 819 967 теңге, кепілдік жарна 4 022 996 теңге, орналасқан жері: Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Красноармейка станциясы;

10 Лот - Қысым үстіндегі арқалық, 2024 р 23 дана, басты бағасы 17 624 550, ҚҚС-пен, ең төменгі баға 5 874 850 теңге, кепілдік жарна 881 228 теңге, орналасқан жері: Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Красноармейка станциясы;

11 Лот - Қысым үстіндегі арқалық, 2024 р 103 дана, басты бағасы 78 927 330, ҚҚС-пен, ең төменгі баға 26 309 110 теңге, кепілдік жарна 3 946 367 теңге, орналасқан жері: Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Красноармейка станциясы;

12 Лот - Қысым үстіндегі арқалық, 2024 р 75 дана, басты бағасы 57 471 357, ҚҚС-пен, ең төменгі баға 19 157 119 теңге, кепілдік жарна 2 873 568 теңге, орналасқан жері: Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Красноармейка станциясы;

13 Лот - Бүйірлік жақтау 100.00.020-0, 100.00.020-3сб, 2024 р 38 дана, басты бағасы 30 345 072 теңге, ҚҚС-пен, ең төменгі баға 10 115 024 теңге, кепілдік жарна 1 517 254 теңге, орналасқан жері: Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Красноармейка станциясы;

14 Лот - Бүйірлік жақтау 100.00.020-0, 100.00.020-3сб, 2024 р 35 дана, басты бағасы 27 949 409 теңге, ҚҚС-пен, ең төменгі баға 9 316 469 теңге, кепілдік жарна 1 397 471 теңге, орналасқан жері: Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Красноармейка станциясы;

15 Лот - Бүйірлік жақтау 100.00.020-0, 100.00.020-3сб, 2024 р 35 дана, басты бағасы 27 949 409 теңге, ҚҚС-пен, ең төменгі баға 9 316 469 теңге, кепілдік жарна 1 397 471 теңге, орналасқан жері: Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Красноармейка станциясы;

16 Лот - Бүйірлік жақтау 100.00.020-0, 100.00.020-3сб, 2024 р 66 дана, басты бағасы 19 704 599 теңге, ҚҚС-пен, ең төменгі баға 17 568 199 теңге, кепілдік жарна 2 635 230 теңге, орналасқан жері: Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Красноармейка станциясы;

17 Лот - Бүйірлік жақтау 100.00.020-0, 100.00.020-3сб, 2024 р 71 дана, басты бағасы 56 697 372 теңге, ҚҚС-пен, ең төменгі баға 18 899 124 теңге, кепілдік

жарна 2 834 869 теңге, орналасқан жері: Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Красноармейка станциясы;

18 Лот - Бүйірлік жақтау 100.00.020-0, 100.00.020-3сб, 2024 р 135 дана, басты бағасы 107 804 861 теңге, ҚҚС-пен, ең төменгі баға 35 934 953 теңге, кепілдік жарна 5 390 244 теңге, орналасқан жері: Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Красноармейка станциясы;

19 Лот - Бүйірлік жақтау 100.00.020-0, 100.00.020-3сб, 2024 р 140 дана, басты бағасы 111 797 633 теңге, ҚҚС-пен, ең төменгі баға 37 265 878 теңге, кепілдік жарна 5 589 882 теңге, орналасқан жері: Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Красноармейка станциясы;

20 Лот - Бүйірлік жақтау 100.00.020-0, 100.00.020-3сб, 2024 р 110 дана, басты бағасы 87 840 998 теңге, ҚҚС-пен, ең төменгі баға 29 280 332 теңге, кепілдік жарна 4 392 050 теңге, орналасқан жері: Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Красноармейка станциясы;

21 Лот - Бүйірлік жақтау 100.00.020-0, 100.00.020-3сб, 2024 р 112 дана, басты бағасы 89 438 107 теңге, ҚҚС-пен, ең төменгі баға 29 812 702 теңге, кепілдік жарна 4 471 906 теңге, орналасқан жері: Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Красноармейка станциясы;

22 Лот - Бүйірлік жақтау 100.00.020-0, 100.00.020-3сб, 2024 р 117 дана, басты бағасы 93 430 879 теңге, ҚҚС-пен, ең төменгі баға 31 143 626 теңге, кепілдік жарна 4 671 544 теңге, орналасқан жері: Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Красноармейка станциясы;

23 Лот - Бүйірлік жақтау 100.00.020-0, 100.00.020-3сб, 2024 р 108 дана, басты бағасы 86 243 889 теңге, ҚҚС-пен, ең төменгі баға 28 747 963 теңге, кепілдік жарна 4 312 195 теңге, орналасқан жері: Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Красноармейка станциясы;

24 Лот - Қысым үстіндегі арқалық QCZ156XL-40-00, 2024 р 47 дана, басты бағасы 34 670 834 теңге, ҚҚС-пен, ең төменгі баға 11 556 945 теңге, кепілдік жарна 1 733 542 теңге, орналасқан жері: Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Красноармейка станциясы;

25 Лот - Бүйірлік жақтау QCZ156XL-20-00, 2024 р 84 дана, басты бағасы 50 865 464 теңге, ҚҚС-пен, ең төменгі баға 16 955 154 теңге, кепілдік жарна 2 543 274 теңге, орналасқан жері: Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Красноармейка станциясы;

26 Лот - Бүйірлік жақтау QCZ156XL-20-00, 2024 р 84 дана, басты бағасы 50 865 464 теңге, ҚҚС-пен, ең төменгі баға 16 955 154 теңге, кепілдік жарна 2 543 274 теңге, орналасқан жері: Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Красноармейка станциясы;

27 Лот - 106.01.000-ОСБ ГОСТ 22703-91, 2024-20% автоматты қосқыш жинағы 206 дана, 106.01.000-ОСБ ГОСТ 22703-91, 2024-40% автоматты қосқыш жинағы 10 дана, 106.01.000-ОСБ ГОСТ 22703-91, 2024-60% автоматты қосқыш жинағы 2 дана, басты бағасы 14 036 946 теңге, ҚҚС-пен, ең төменгі баға 4 678 982 теңге, кепілдік жарна 701 848 теңге, орналасқан жері: Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Красноармейка станциясы;

28 Лот - Қысым үстіндегі арқалық 2024 р 24 дана, Бүйірлік жақтау 100.00.020-0, 100.00.020-3сб, 2024 р 8 дана, Қысым үстіндегі арқалық QCZ156XL-40-00,

2024 р 9 дана, басты бағасы 31 418 367 теңге, ҚҚС-пен, ең төменгі баға 10 472 789 теңге, кепілдік жарна 1 570 919 теңге, орналасқан жері: Павлодар облысы, Павлодар ауданы, Красноармейка станциясы;

Кепілдік салымдар «Ақпараттық-есептік орталық» АҚ шотына аударылады: БСН: 050540004455, БСК: HSBKZKX, ЖСК: KZ226018871000394291, КНП 857, «Народный банк Казахстана» АҚ. Төлем түрі: электронды саудаға қатысу үшін кепілдік салым (кепілдік салым төлеміне банк қызметі үшін төлем енебейді). Кепілдік салым ретінде Банктік кепілдік есепке алынбайды.

Кепілдік салым «Ақпараттық-есептік орталық» АҚ шотына уақытты аударылу мақсатында кепілдік салымды өтініштерді қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күн бұрын аударуға кеңес беріледі.

Сауда-саттыққа қатысушыларды тіркеу тізілімінің веб-порталында хабарлама жарияланған күннен бастап тізілімнің веб-порталында жүргізіледі және сауда-саттық басталғанға дейін бес минут бұрын аяқталады.

Сауда-саттықтарға қатысу үшін тізілім веб-порталында төмендегілерді көрсетіп алдын ала тіркелуі қажет: 1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі, тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда); 2) заңды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірі, толық атауы, бірінші басшысының тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда); 3) кепілдік жарналарды қайтару үшін екінің деңгейдегі банктендер банктік есепшоттың деректемелерін /реквизиттерін/;

4) байланыс деректерін (пошталық мекен-жайы, телефон, факс, е-mail).

Тізілім веб-порталына енгізілген жоғарыдағы деректер өзгерген жағдайда қатысушы бір жұмыс күні ішінде деректерді өзгертеді.

Әрбір сатылған объектісі бойынша аукцион нәтижелері сауда-саттықтардың нәтижелері туралы хаттамасымен рәсімделіп, аукцион өткізілген күні сатушы және жеңімпаз ЭЦҚ қолдана отырып тізілім веб-порталында қол қойылады.

Сауда нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижесін белгілейтін және жеңімпаз бен сатушының міндеттерін сауда бағасы бойынша нысанды сату-сатып алу шартына қол қойған құжат болып табылады.


Саудада жеңіске жеткен қатысушы сауда нәтижелері туралы хаттамаға қол қоймаған жағдайда сатушы кепілдік салымды қайтармайды.

Жеңімпаз сату-сатып алу туралы шартқа сауда веб-порталында өткен күннен бастап он күнгізбелік күн ішінде қол қояды.

Сайысты өткізу талаптары, саудаға қатысушыларды рәсімдеу тәртібі, Жеңімпазды анықтау талаптары туралы толық ақпараттармен [www.e-qazuna.kz](http://www.e-qazuna.kz) сайтындағы Регламенттен танысуға болады.

Сауданы өткізу туралы қосымша ақпараттарды [www.e-qazuna.kz](http://www.e-qazuna.kz) сайтынан немесе мына телефон нөмірлері арқылы білуге болады: 8 (7172) 55-

## РЕМОНТ СЕГОДНЯ – НАДЕЖНАЯ РАБОТА ЗАВТРА



ИНФРАСТРУКТУРА

**Руслан РАХМЕТОВ,**  
Астана

АО «Теміржолсу» последовательно реализует программу по ремонту и восстановлению объектов железнодорожной инфраструктуры. За период с 2022 по 2025 год специалистами предприятия выполнены работы на 1 010 объектах различного назначения. В текущем году обновление продолжается еще на 204 объектах.

В рамках программы ремонтируются административные и производственные здания, дома отдыха локомотивных бригад, а также объекты инженерной инфраструктуры. Особое внимание уделяется восстановлению и модернизации систем водоснабжения, водоотведения и электроснабжения.

Значительная часть производственных объектов железнодорожной отрасли была построена несколько десятилетий назад и

сегодня требует системного обновления. Проведение плановых ремонтных работ позволяет поэтапно снижать уровень износа зданий и инженерных коммуникаций, восстанавливать их эксплуатационные характеристики и повышать надежность работы объектов. Реализация программы способствует созданию безопасных и комфортных условий труда для работников железнодорожной отрасли, повышению устойчивости инфраструктуры и сокращению затрат, связанных с ликвидацией аварийных ситуаций и выполнением внеплановых ремонтов.

Основным видом деятельности АО «Теміржолсу» является обеспечение железнодорожных предприятий услугами водоснабжения, водоотведения и теплоснабжения. Сегодня в компании трудятся около 2 700 специалистов, включая строителей, сантехников и работников аварийно-восстановительных бригад.



Предприятие обслуживает 138 станционных объектов и более 15,7 тысячи абонентов, из которых свыше 14,8 тысячи составляют жители населенных пунктов. Кроме того, специалисты компании обеспечивают техническое обслуживание объектов филиалов АО «НК «КТЖ» на 286 железнодорожных пунктах, поддерживая надежную работу инженерной инфраструктуры на всей сети.

## ДОМИНИРУЮЩИЙ АККОРД



БЕЗОПАСНОСТЬ

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

В летние месяцы специалисты отдела пути работают по напряженному графику, обеспечивая выполнение запланированных объемов работ в установленные сроки. Ведь своевременное выявление и устранение дефектов позволяет предотвращать аварийные ситуации, повышать скорость движения поездов и обеспечивать высокий уровень пассажирских и грузовых перевозок.

Оценка состояния пути с начала года при плане 57 баллов выполнен на уровне 49 баллов. Диагностическими средствами выявлено 40 километров пути с неудовлетворительной оценкой против 48 километров в прошлом году, что меньше на 8 километров. Также уменьшено количество неисправностей второй степени – на 9 890 мест, третьей – на 64 места и четвертой степени – на 14 мест.

В отделении запланирован комплекс работ,

направленных на обеспечение безопасности движения поездов и повышение надежности технических средств. Так, капитальный ремонт пути хозяйственным способом силами ПЧМ Акадыр ведется с 20 мая в объеме 16,6 километра. По факту выполнено 3,993 километра на Алматинской дистанции пути.

Предусмотрены работы по сплошной смене рельсовых опор, которая является одним из важнейших видов капитального ремонта железнодорожного пути. Она предусматривает полную замену негодных или выработавших свой ресурс рельсовых опор на определенных участках пути. На 2026 год запланировано выполнение работ в объеме 10,250 километра, из них на участках Достыкской дистанции пути на перегоне Достык – Алашауко (1435 мм) – 4 километра, Алматинской дистанции пути – 6,250 километра на перегоне Алматы-1 – Алматы-2.

В рамках капитального ремонта предусмотрен и усиленный средний ремонт станционных путей, в ходе которого производится замена

дефектных рельсов, шпал и скреплений, очистка или частичная замена балластного слоя, а также устранение других выявленных неисправностей. Особое внимание уделяется обеспечению устойчивости пути в местах интенсивной маневровой работы и повышенных нагрузок. Усиленный средний ремонт будет проведен в объеме 27,4 километра на участках Актогайской дистанции пути – 3,623 километра, Уштобинской – 2,7 километра и Алматинской – 18 километров.

На сегодняшний день уложено 32 комплекта стрелочных переводов из 110. Надо сказать, что своевременная и качественная укладка стрелочных переводов способствует повышению пропускной способности железнодорожных станций, обеспечивает безопасность движения поездов и создает условия для эффективной организации перевозочного процесса.

В этом году запланировано строительство ограждений для предотвращения выхода скота на железнодорожный путь в объеме 47,3 километра на участках Актогайской, Достыкской, Уштобинской и Алтынкюльской дистанций пути.

В целях улучшения состояния железнодорожного пути запланировано выполнение работ по выправке пути с применением современных путевых машин: Дуомат, РМ, ПРБ, РШП Атлас, Унимат, DESEC, Жейсмар. Использование путевых машин позволяет значительно повысить качество выполняемых работ, сократить сроки ремонта и обеспечить высокую точность выправки пути.

## ЭНЕРГИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ

**Махаббат НЕГЕМБАЕВА,**  
Астана



ЭКОЛОГИЯ

В ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» проведено 160 энергосберегающих мероприятий, что позволило снизить потребление энергетических ресурсов на 5,5%, или более чем на 6 000 тонн условного топлива.

